Зерттеу барысында анықталғандай мекеме басшылары өз жұмыстарына кедергі келтіретін немесе жеңілдететін жұмыстың көп аспектілерін өзгерте алады [5]. Мысалы, мекеме басшылары қол астындағы мұғалімдерінің өз жұмыстарын атқаруына қажетті ресурстар мен ақпаратты жеткілікті түрде алатындығына көз жеткізіп отыруы тиіс. Сондай-ақ, олар мектеп мәдениетіне өзіндік бір нәр береді, әсіресе бағдарламалардың қалай қабылданатындығына, мінез-құлықтар саясаты мен оған беретін нұсқаулықтарға байланысты қарама-қайшылықтарды шешуге көмектеседі. Оған қоса, мекеме басшысы мен қол астындағы мұғалімдерінің жұмыстан кетуі арасындағы байланысты сол ұйым ішінде қарастыру қажет. Мекеме басшысы тұрғысынан көрсетілетін қолдау деңгейінің артуы қол астындағы көшбасшы мұғалімдердің қалыптасуына әсер ететіндігі сөзсіз. Айта кететін жайт, мекеме басшысы мен сол мекемеде қызмет ететін, сол мекеменің ортақ мәдениетімен бірігетін қол астындағы қызметкерлер құрамының біріккен әрекеттері мен қағидаттары осы қолдау деңгейіне әсер етеді, ал ол қолдауды маман ретіндегі мұғалім өте қатты сезінеді. Әкімшілік тұрғысынан көрсетілетін қолдау мен мектеп мәдениетінің дамуы ұстаздарды жұмыста ұстап қалуда өте өзекті құрал болып табылады. Мекеме басшылары өз қол астындағы қызметкерлерінің мақсаттарына, келешектері мен дамуына бағытталатын ұйымдастыру жүйесін әзірлейтін болса, онда сол қызметкерлердің үздіксіз дамуы мен шабыттаныуына іргетас болады.

Мекеме басшылары қол астындағы мұғалімдердің жұмыстан кетуімен байланысты барлық проблемалар өздеріне бағытталғандығына көз жеткізуі тиіс, себебі олар көптеген жағдайда қызметкерлерінен оқшауланады [6]. Жаңадан келген мұғалімдерге арналған индукциялық бағдарламалардың кең таралуы, сондай-ақ коучниг тәсілдер қазіргі таңдағы қызметкерлер үшін өте тиімді және олар қоғамның дамуына себептеседі. Өзіндік басқару үлгісі қалыптасқан мекеме басшысының мінез-құлығы негізінен бүкіл қызметкерлеріне әсер етеді, оның басты себебі – бір ғана адамның мінез-құлығы онымен байланысты барлық қалған адамдарға әсер етпей қоймайды. Кәсіби дамуды, құзіреттілікті, педагогикалық білім беру бағдарламаларына белсенді қатысуды, білім беру қоғамдастығының оқу бағдарламаларын зерттеуді алға қоятын адам ғана мекеме басшысы бола алады. Мұғалімдердің жеке талаптары бойынша, мекеме басшылары қол астындағы қызметкерлердің мотивациясын арттыра алады [7]. Мекеме басшылары мұғалім мінез-құлығына, кемпіркосақтың өрмекші торына әсері тәрізді, әсер етеді. Дәл осы сияқты мекеме басшылары жай ғана оқытушы ретінде де оқу процесіне әсер етуі мүмкін. Мұғалімдердің көшіп-қонуы мен жұмыстан кетуі деңгейінің төмендеуі негізінен әкімшілік жағынан қолдауы бар, тәртіпке деген талаптары төмендетілген және мәселені шешу деңгейі жоғары білім беру мекемелерінде көптеп кездеседі. Ақпараттық қол-



дау ұсынатын және көзбе-көз қолдау көрсететін мекеме басшыларының қол астында өз міндеттеріне көңілі толу көрсеткіштері жоғары мұғалімдерге ие болу мүмкіндігі зор.

Мекеме басшылары мұғалімге оқушылармен қарым-қатынас жасауда көмек көрсететін қозғалыс күші ретінде қарастырылады, олар мұғалімдерге шешім қабылдауда бостандық береді және қолдау деңгейі жоғары, жағымды жағдайлар ұсынады [8]. Көшбасшы мұғалім жас мұғалімдерге әрбір оқушыға жеке оқу деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік беретін қажетті стратегиялар мен дағдыларды әзірлеу арқылы жетекшілік етеді, осылай қолдауды сезіндіру арқылы жас мұғалімдерді жұмыста ұстап қалады. Мұғалімдерді ұстап қалуға себептесетін ортаны қалыптастыру, көшбасшы мұғалімдерге қолдау көрсету үшін мұғалімдерге әр түрлі функционалдық мүмкіндіктер беріледі. Мекеме басшыларының көшбасшы мұғалімдерді ұстап қалуына көмектесетін эмоционалды қолдау дағдыларын ұстануы сол мұғалімдерді жігерлендіруде өте маңызды болып табылады. Сондықтан да, мекеме басшылары мұғалімдердің жұмыстан кетуі мен қалуына әсер ететін жағдайлар туралы білуі тиіс.

Мұғалімді жұмыстан кетуге мәжбүрлейтін жағдаяттарға түсіністікпен қарау арқылы мекеме басшылары сол көшбасшы мұғалімдерге кәсіби дамуға көмек беру мақсатында олардың жұмысын дұрыс ұйымдастыруға қолдау көрсетуі тиіс. Кез келген ұйым жетекшілері мұғалімдер өздеріне басшылықтың қолдау көрсетуін қалайтындығын түсіну өте маңызды, себебі қолдаудың болмауы жұмыстан ерте кету себептерінің бірі болып табылады. Құрылымдық қолдауды орындалған жұмыс бойынша сын айтуда, мұғалімдерге ата-аналармен және оқушылармен байланыс орнатуда көмек көрсету және олардың тәжірибесін дамытуда көруге болады. Мекеме басшылығы осының барлығы білім беру мекемесі мақсатына жетуде өте маңызды орын алатындығын мойындауы керек. Мекеме басшысы тұрақты дамуды көрсететін немесе көрсеткіштердің жақсару үшін енгізілуі тиіс өзгерістер жайлы хабардар болуы тиіс, себебі бұл олардың даму қарқынын ұстап қалу мүмкіндігі болып табылады. Сондықтан да мекеме басшылары көшбасшы мұғалімдерді жаңадан келген мұғалімдерге қолдау көрсетуші ретінде қабылдайды.

#### **4 Талқылау**

Мекеме басшыларының талабымен бекітілген мұғалімдер оқыту процесін нәтижесіз, күйзеліске толы жұмыс ретінде қабылдау ықтималдығы жоғары, сондықтан да олар өз орындарын босатып, жұмыстан кетіп қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда мекеме басшылары да, мұғалімдер де қиналып қалады. Нәтижесінде мекемеде олар көлемі жеткілікті болғанына қарамастан шығын материалдарын шамадан тыс қолдана бастайды. Олардың көбісі мемлекетке тиесілі және соның қарамағында жұмыс жасайды. Сондықтан да қосымша шығын туындағандықтан, қаржылық қажеттіліктер салдарынан қаржыландыру қиындық туғыза бастайды. Мекеме басшыларының тиімді педагогикалық тәжірибені қолдау бойынша оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға қажетті ресурстары болуы тиіс. Оның үстіне, мұғалімдер мен жалпы мектептің жетістікке жетуі үшін қалам, қағаз, қарындаштар, оқулықтар мен борлар жеткілікті болуының өз негізі бар.

Мұғалімдердің кітапта жоқ ақпаратты қолдануы, кітапханада жоқ оқулықтарды қағазға басып шығару оқытуды жеңілдетуде көп көмек көрсетеді. Оқушылар, мұғалімдер мен ата-аналардың көзқарасы бойынша, мектепте білім алатын және білім беретін жеке тұлғалар құрмет белгісі бар адамдар. Алайда мектепте қызмет ететін адамдарға деген менмендік тиімді оқыту процесіне кедергі келтіреді. Мысалға, зертханадағы от тұтатқыштың сынып қалуы, электр жүйесінің істен шығуы, жарықтың әлсіз болуы сабақ өту барысында оқуды тоқтатып, мұғалімдердің тиімді жұмыс жасауын қиындатады. Сондықтан да мұғалімдердің мектепте тиімді жұмыс жасауына оң жағдайлар ондағы қарапайым қызметкерлер үшін қиындықтар туғызуы мүмкін.

#### **5 Қорытынды**

Мекеме басшылары өз қол астындағы мұғалімдеріне ұйымдастырушылық жағдай жасайтын беделді позицияда орналасады. Олар мектеп өмірінің көптеген элементтеріне әсер етеді, оның құрамына мектеп климаты, ресурстар мен мұғалімдердің атқаратын рөлдері кіре-

ді. Негізінен, өз құндылықтары, мақсаттары мен кәсіби даму мүмкіндіктерін басқаларға баули алатын мекеме басшылары мектептің әрбір мүшесінің бір-біріне көмектесе алатындай бірігіе жұмыс жасауы үшін арнайы орта құруға көмектеседі. Мекеме басшылары мен мұғалімдер ұжымы мектеп талаптарын ашық түрде талқылап, жоспарлай алатын орта құруы қызметкерлердің жұмыста қалу ықтималдығын жоғарлатады. Мұғалімдерге өз пікірін ашық айтуға рұқсат етілген білім беру мекемелері өзара құрмет көрсету, бір-біріне сенім арту және келісімнің жоғары деңгейін қамтамасыз етуді алға мақсат етіп қояды. Мекеме басшыларының қолдауы мен жетекшілігі өз қол астындағы мұғалімдердің жұмыста қалуына қатты әсер ете алады. Өз мұғалімдеріне әкімшілік және жеке қолдау көрсететін білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің ауысуы мен эмоционалды күйіп кету деңгейі төмендеген. Мекеме басшылары қол астындағы мұғалімдердің өз жұмыс орындарында тек оқытуға міндеттеліп, жұмыс істеу жағдайы жақсарған кезде ғана қалуға дайын екендігін түсінуі тиіс. Мекеме басшылығының шешім қабылдау үрдісі көптеген отбасылар мен оқушылардың бірігіе тығыз жұмыс жасай алу мүмкіндігіне әсер ете алады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Barth R.S. Teacher leader // Phi delta kappa. – 2001. – №82(6). – Б. 443-449.
- 2 Wlodkowski R.J., Ginsberg M.B. Enhancing adult motivation to learn: A comprehensive guide for teaching all adults. – JohnWiley&Sons, 2017.
- 3 Бойко В.В. Социально-психологический климат коллектива и личность. – М.:Мысль, 1983. – С. 207.
- 4 Bogler R., Nir A.E. The contribution of perceived fit between job demands and abilities to teachers' commitment and job satisfaction // Educational Management Administration & Leadership. – 2015. – №43 (4). – Б. 541-560.
- 5 Борисов В.Н., Ковалев О.Г., Лузгин С.С., Ушаков А.И. Психологическая подготовка к педагогической деятельности: Практикум. – М.: Академия, 2002. – 144 с.
- 6 Carver-Thomas D., Darling-Hammond L. Teacher turnover: Why it matters and what we can do about it. – Palo Alto, CA: Learning Policy Institute. – 2017.
- 7 Леопова А.Б. Комплексная стратегия анализа профессионального стресса: от диагностики к профилактике и коррекции // Психологический журнал. – 2004. – Т. 25. – №2. – С. 75-85.
- 8 Hughes A.L., Matt J.J., O'Reilly F.L. Principal Support Is Imperative to the Retention of Teachers in Hard-to-Staff Schools. Journal of Education and Training Studies. – 2015. – №3 (1). – С. 129-134.

*Материал редакцияға түсті: 18.02.2019*

**АКАНБАЕВ, Б.Н., КАИРГАЛИ, Н.К.**

### **УСЛОВИЯ ПРОФИЛАКТИКИ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ УЧИТЕЛЯ РУКОВОДИТЕЛЯМИ ШКОЛ**

*В данной статье рассматривается связь между руководителями учреждений и эмоциональным выгоранием учителей и его влияния на посещаемость учеников государственных школ Казахстана. Руководители учреждений являются неотъемлемой частью школьной деятельности и содействуют ее высоким достижениям. Школьное руководство признало ценность, которую приносит глава школы. Руководители школ влияют на погоду школы, а она в свою очередь влияет и на учебный процесс во время урока. Учителя взаимодействуют и оказывают помощь друг другу, особенно они поддерживают молодых специалистов, которые только пришли в школу. В Казахстане проблема истощения учителей в последние годы не уменьшается и, наоборот, в ближайшие годы имеет угрозу стать еще большей проблемой. Около 40% молодых учителей, которые только начали свою работу, бросают ее в первые пять лет. А процент текучести кадров учителей в школах с низкой материальной базой в сельской местности и то больше. Данное исследование определяет некоторые главные факторы, объясняющие высокий темп истощения учителей. Более того, здесь так же обсуждаются некоторые возможные пути уменьшения высокую степень ухода учителей из своей профессии.*

**Ключевые слова:** руководители учреждений, эмоциональное выгорание учителя, погода школы.

AKANBAYEV, B.N., KAIYIRGALI, N.K.

CONDITIONS FOR PREVENTION OF EMOTIONAL BURNOUT OF A TEACHER BY LEADERS  
OF SCHOOLS

*This article investigates the relationship between teacher leaders and teacher attrition and its impact on students attending public schools in the Kazakhstan. Teacher leadership has been recognized as being an integral part in operating schools efficiently and effectively with outcomes of success. School administrators have realized the value that teacher leaders bring into the schools. Teacher leaders can influence the schools' climates which in turn influences the learning environments in the classrooms. Teachers are collaborative and supportive for one another and especially for beginning teachers when there are teacher leaders on the faculty. In Kazakhstan during the last decade, teacher attrition isn't decreasing but appears to become an even more serious problem in the coming years. Approximately 40 percent of beginning teachers will leave the classroom within their first five years of teaching. Teacher attrition is even a higher percentage within schools that serve minority and low-income students. This study identifies some of major contributing factors being attributed to the high rates of teacher attrition rate. In addition, this discusses what are some of the possible approaches in reducing this high rate of teachers exiting the profession*

**Key words:** heads of the institutions, teacher's burn, school weather.

ӘОЖ 376

**Бекежанова, Р.К.**

педагогика ғылымдарының магистрі,  
психология және дефектология кафедрасының  
оқытушысы, ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан

**Қаналы, М.Қ.**

«5B010500 – Дефектология» мамандығының  
3 курс студенті, ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан

БІЛІМ АЛУДА ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ  
Тьюторлық қолдау педагогикалық феномен ретінде**Түйін**

*Берілген мақала инклюзивті тәжірибе жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды тьюторлық қолдау мәселесіне арналды. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды табысты оқыту және оқыту үдерісіне психологиялық-педагогикалық қолдауды сәтті іске асыру инклюзивті мектептегі тьюторды қажет етеді. Тьютор – жалпы және арнайы білім беру үдерісінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдайды, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, дәстүрлі оқытушы мен білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушысының арасындағы көпір болып табылады. Мақалада тьютор ұғымының бірнеше анықтамасы, тьютор қызметінің мақсаты, мазмұны мен ерекшеліктері қарастырылады.*

**Кілт сөздер:** білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар, инклюзивті тәжірибе, тьютор, тьюторлық қолдау, әлеуметтік орта.

**1 Кіріспе**

Қазақстанның білім беру жүйесі қазіргі қоғамның сұраныстарына өзінше әсер етіп, мектеп оқушысы, студент, тәрбиеленушінің түрлі салаларда білім алуына ғана емес, сонымен қатар осы білімді алуда өзінің білім алуындағы дара жолын анықтауға, таңдауға үйренуге мүмкіндіктер туады. Сондықтан заманауи мектеп – бұл түрлі пәндердің оқытушылары ғана емес, сонымен қатар болашаққа бағдары, жеке қызығушылықтары мен басымдылықтары бар баланың үлгісінде жұмыс істейтін мамандардың қатары.

Білім беруді дамыту саласындағы мемлекеттің басымды міндеттерінің бірі – әр балаға, оның ішінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға сапалы білім алуға бірдей қолжетімділіктерін қамтамасыз ету болып табылады. Сапалы білім алуға ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқушылардың осы санатына арнаулы білім алу жағдайлары құрылғанда қол жетілетін болады.

ҚР «Білім туралы» заңына (2007) сәйкес арнайы білім беру жағдайларына арнайы білім беретін оқыту бағдарламалары, арнайы оқыту әдістері, техникалық құралдар, өмір сүру ортасы жатады.

Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды табысты оқыту үшін оқыту үдерісіне психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асыру қажет. Инклюзивті тәжірибе саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, жаңа педагогикалық тұрғыда білім беру кеңестігінде жаңа педагогикалық ұстаным – инклюзивті мектептегі тьюторды қалыптастыру үшін жақсы жағдай жасалған.

## **2 Материалдар мен әдістер**

Дамуындағы ерекшеліктері бар бала (немесе осындай балалар білім алатын топтар) үшін тьютор – дамуындағы ерекшелігі бар баланың арқасында, оған қарамастан айтарлықтай жоғарғы білім беру және әлеуметтік деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігі туындайтын ресурс.

Тьютор қызметінің мақсаты – инклюзивті тәжірибе жағдайында баланы жалпы білім беру ұйымының ортасына білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыны табысты араластыруы. Тьютор әр білім беру кезеңінде педагогтарды, арнаулы педагогтарды, психологтарды, басқа да бала үшін қажет мамандарды үйлестіруді қамтамасыз ететін байланыстырушы буын болуы мүмкін.

Тьютор қызметінің мазмұны мен ерекшелігі бірнеше факторлармен шарттастырылады, бұл – баланың бұзылыстарының ерекшеліктері, оның белсенділігінің деңгейі, түзетушілік үдерісте ата-анасының қызығушылығы, мекеменің инклюзивті білім беруге дайын болуы [1].

Алайда бүгінгі таңда тьюторлық жұмыс нормативтік рәсімдеу толығымен қарастырылып және заңмен бекітілмеген. Осыған байланысты қолдаушы маман-тьютордың қызметін түсіндіретін нақты нормативтік құжаттаманы әзірлеу өзекті болып табылады және қолданбалы сипатқа ие, себебі инклюзивті тәжірибедегі білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау бойынша қызметтің мазмұнды құрамдастарына бағдарлайды.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының басымды бағыттарының бірі болып азаматтардың барлық санаттары үшін қолжетімділік пен сапаны арттыруға бағытталған білім беруді жаңғырту болып табылады, ол өз тарапынан білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту және білім беру жолдарын өзгертуді анықтайды.

Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға білім беру мобильді экономикаға қатысты әлеуметтік-бейімделген іс-әрекеттің дағдыларын игерген әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Осы міндетті іске асырудың жолдарының бірі кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша басты идея іске асырылады. Осындай ортаның көрсеткіштерінің бірі кешенді қолдау жүйесі болып табылады, оның ішінде тьюторлық та бар.

## **3 Нәтижелер**

Білім беру саласындағы тьютор кәсібінің туындауы әлеуметтік және мәдени шындықтағы өзгерістермен шарттастырылған, атап айтқанда бірнеше жылдар бойы жалпы білім беретін тәжірибеден тыс қалған білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті көзқарас аясында жалпы білім беретін мектепте білім алуға өз құқығын іске асыру мүмкіндігін алды. Мектеп өз тарапынан білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың білім мен дамудың тиімді үдерісінің жағдайында қалыптастыру проблемасын кезіктірді.

Инклюзивті білім беру жағдайында тьюторлықты жүргізу аталған проблемаларды шешеді және оқу үдерісін максималды жекешелендіруге, білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне мүмкіндік жасайды.

Тьютор – жалпы және жеке білім беру үдерісінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдайды, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады, дәстүрлі оқытушы мен білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушысының арасындағы көпір болып табылады. Тьютордың оқу үдерісін жекешелендіруі ерекше қажеттіліктерді қажет ететін оқушылардың білімін, біліктілігін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып қана іске асырылады. Жалпы алғанда тьютор қызметінің мақсаты білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушының қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын, қызығушылықтары мен проблемаларын есепке ала отырып оқыту бағдарламалары мен оқу жоспарларын қолдау және түзету ретінде жасала алады.

#### **4 Талқылау**

Бүгінгі таңда оқыту тәжірибесі мен теориясында «тьютор» түсінігінің анықтамасының және оқыту жүйелерінің осы анықтамаларына сәйкес келетін бірнеше жолдары бар. Отандық зерттеушілердің көбінің көзқарасы бойынша, «тьюторлық қолдау жетістіктерінің қызығушылықтары мен талпыныстарына тұрақты рефлексиялық қатынасында құралатын баланың білім берудегі қимылын ұйымдастырудан тұрады». Сонымен қоса, Т.М. Ковалеваның түсінігінше, тьютор – жекешелендіру қағидаты бойынша әрекет ететін педагог және білім алушылардың өзінің жеке оқыту бағдарламасын қалыптастыруды демейді.

П.Г. Щедровицкий, Т.М. Ковалева, Н.В. Рыбалкинаның зерттеулері айтарлықтай танымалдыққа ие.

Тьюторлық қолдау – оқушылардың оқыту мотивтері мен қызығушылықтарын анықтауға және дамытуға бағытталған білім беруді жекешелендіру бойынша педагогикалық қызмет, жекешелендірілген оқыту бағдарламасын қалыптастыруға арналған оқыту ресурстарын іздеу.

Осыдан келіп, тьюторлық қолдау жетістіктерінің қызығушылықтары мен талпыныстарына тұрақты рефлексиялық қатынасында құралатын баланың білім беру қимылын ұйымдастыруымен шарттастырылады. Тьютор оқытудың алғашқы кезеңдерінде мектептің білім беру кеңістігіне баланы өткізуші ретінде шығады.

П.Г.Щедровицкийдің ойынша, тьютор – оқушының кеңесшісі: ол оған жеке оқыту бағдарламасын дайындап шығуға, осы үдерістің өзінде және оның жекелей элементтерінде өзін-өзі анықтауына көмектеседі. Бір жағынан, ол оқыту нәтижелерін қалай пайдалануға болады және осы нақты адамның жеке дамуының үдерісіне аталған оқу бағдарламасын, оқу қызметін ауыстырып беру керек деген сұраққа жауап береді.

Тьютор қызметіндегі негізгілердің бірі ретінде білім алушының дамуының жеке бағдарламасын әзірлеу, оның ресурстық картасымен жұмыс істеу, оның жеке білім беру жолын қолдау болып табылады. Ресурстық картаны қалыптастыру үшін тьютор әлеуметтік және мәдени ортаның барлық қолданыстағы мүмкіндіктерін пайданалады, ол үшін тьюторлық іс-әрекетінің толыққандылықтың негізгі қағидаттары – антропологиялық, әлеуметтік және мәдени қағидаттарын басшылыққа алады.

Е.А. Суханова, А.Г. Чернявская өз еңбектерінде тьюторлық қолдау – белгісіз таңдау жағдайларында адамның білім берудегі қызметін қолдаудың және даму кезеңдері бойынша қолдаудың ерекше түрі, бұл жағдайда оқушы білім алу әрекеттері, ал тьютор оларды жүзеге асыру және түсіну үшін жағдайлар жасайды.

А.А. Теровтың пайымдауынша, тьюторлық қолдау әр жеке оқу бағдарламасын өзіндік әзірлеу және іске асыру кезінде оқушыны педагогикалық қолдауды көрсету деп санайды.

Педагогикалық қолдау – оқушы әрекет ететін, ал педагог осы іс-әрекетті іске асыру және түсіну үшін жағдайлар жасау барысында туындайтын өзара байланыс. Қолдаудың негізгі нәтижелері – тек білімдер, жұмыс істеу тәсілдер, жекелей білім беру қызметі ғана емес, сонымен қатар оқушының өзінің білім беру нәтижелері, мағынасы мен мәнін санасына жеткізуі.

Педагогикалық қолдау оқытушыдан оқушыға жауапкершілікті тапсыруды түсіндіреді. Қолдаудың негізгі нәтижелері – оқытушы және оқушы деп бағдарланатын өзара байланыс нормалары. Осыдан келіп, педагогикалық қолдаудың екі түрін айқындап алуға болады:

– сырттай берілген нормаларға негізделген нормативтік қодау;  
– қолдауға қатысушылардың өздерімен анықталатын нормаларға негізделген гуманитарлық қолдау.

С.В. Дудчик оқушы әрекеттерді жекелей әзірленген нормалар бойынша орындайтын және одан әрі тьюитормен талқылайтын әрекеттер орындаған кездегі оқушыларды тьюиторлық қолдауды ерекшеледі [2].

Т.М. Ковалева қандай да бір қызметті тьюиторлық ретінде бағалауға болатын негіздемелер ойлап тапты: диагностика; ұсыныстардың түрлілігі; ұсыныстарды таңдау; жеке оқу бағдарламасын іске асыру маршрутын таңдау; жеке оқу бағдарламасын қолдау; рефлексия [3].

Инклюзивті білімде тьюитор – білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыны білім беру және әлеуметтік ортаға табысты араластыру үшін жағдайлар жасайтын және баланың қоғамда табысты болуына, мектеп ортасына бейімделуіне, өз мүмкіндіктерін көрсетуге көмек ететін маман.

М.И. Чернованың көзқарасы бойынша, тьюитор – жалпы және жеке оқыту үдерісінде мүмкіндігі шектеулі оқушыларды қолдайтын, жеке оқу бағдарламаларын орындауға қатысатын, дәстүрлі педагог пен мүмкіндігі шектеулі оқушылар арасында көпір болатын маман. Тьюитормен оқу процесін жекелендіруі ерекше оқушының білімін, біліктіліктерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін есепке алған жағдайда ғана іске асырылады.

И.В. Карпенкова мен Е.В. Кузьмина өз зерттеулерінде тьюитор – білім беру мекемесінің білім беру және әлеуметтік ортасына ерекше қажеттіліктері бар баланың табысты кірігуі үшін жағдайлар жасайтын маман деп пайымдайды. Оқытушымен мамандармен және ата-аналармен тығыз байланыста тьюитор табысты оқуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін балаға қолайлы орта қалыптастыруы керек [4].

Т.А. Дорофеева, Л.И. Плаксина, Е.В. Селезневаның зерттеулерінде инклюзивті білім беру жүйесінде тьюитор ерекше қажеттіліктері бар тәрбиеленушінің, сонымен қатар оның отбасының білім беру үдерісін қолдап қана қоймай, оған тиесілі әлеуметтік-мәдени ортаны да қалыптастыруы керек. Нәтижесінде, тьюитордың жұмысының мақсатын баланы мектеп ортасына табысты араластыруды ұйымдастыруда деп көреді, ал бұл табыс когнитивті, коммуникативті және эмоциялық орта тарапынан анықталады, сонымен қатар олардың жекелігі де қарастырылады, алайда тьюитордың осындай балалармен жұмысы көмектің бірнеше түрлерін пайдаланудан туындауы керек, олар: ынталандырушы, бағыттаушы және білім беруші.

Е.И. Казакова қолдауды оның дамуындағы өзекті проблемаларды шешуде көмектің ерекше түрі ретінде қарастырады, оның ерекшелігі проблемаларын өзі шешуіне көмектесуі және дамуындағы үдеріс нәтижесі болып табылатын қолдаушының және қолдалушының өзара байланысының күрделі үдерісі екенін атап өтуінде.

Е.В. Шилова қолдау үдерісі деп инклюзивті білім беру жүйесінде жұмыс істейтін мамандарының (психологтар, әлеуметтік педагогтар, педагог-дефектологтар) әр түрлі күш салуларын біріктіру есебінен дамуында білім алушыларға көмекті қамтамасыз ету деп түсінеді. Атап өтетіні, аталған тұлғалардың бір топқа бірігуі және олардың түзету, білім беру және т.б. Айтарлықтай ерекшеліктері бар қолдау әдістерін меңгеруі білім беру үдерісінде білім алушының дамуының психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдалу мазмұнын өзгертуге мүмкіндік береді.

Қолдау мақсаты – өмірлік жолының барлық кезеңдерінде саналы өмірлік таңдау жасауда білім алушыға көмек көрсету болып табылатын психологтардың, педагогтардың және басқа да мамандардың кешенді жұмысының жұмысы деп есептейтін ұқсас тәсілді С.В. АLEXина және И.В. Вачко, сонымен қатар М.Н. Сартаннан табамыз.

Авторлар қолдаудың мамандарының пәнаралық тобында өзара байланысты біріктіру қажеттілігі, білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының арасында өзара қатынасты реттеу, қайшылық тудыратын жағдайлардың алдын алу және шешу, ынтымақтастық пен өзара көмек қатынастарын қолдау, білім алушылардың ата-аналарымен өзара байланысты ұйымдастыру, әлеуметтік әріптестермен – инклюзивті білім беру мекемелерінің бірыңғай жүйесі-

мен байланысты немесе білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға инклюзивті білім беру идеясын дамыту және қолдауда қызығушылықтары бар мекемелермен және ұйымдармен білім беруді ұйымдастырудың өзара әрекеттестігін үйлестіру қажеттілігі айтылады.

Е.А. Мартынова қолдау мен оның құрамдастарын білім беру ұйымдарының мамандарымен іске асырылатын оқушыларды үздіксіз, кешенді және толығымен оңалтуға функционалды бағынушылықта инклюзивті білім берудің компенсаторлық, вариативтік компоненттерінің жиыны деп қарастырады, ол білім беру ұйымының мамандарымен іске асырылады және психологиялық-педагогикалық, медициналық, әлеуметтік-орталықтан тұрады.

Қолдаудың кешенді мақсаты үздіксіз және барлығын қамтитын оңалтудан, инклюзивті оқытуды жүзеге асырудан және оқушыларды әлеуметтік қолдаудан тұрады.

Қолдау мақсаты бар проблемалар мен кемшіліктерге қарамастан, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерінің арқасында қаншалықты көп нәрсеге қол жеткізетінінде жатыр.

Бүгінгі таңда білім беру мекемелерінде мектепте жеке педагогикалық кәсіп мамандығы – тьюторды енгізу үшін нақты мүмкіндіктер бар. Алайда қызметтегі педагогтармен, психологтармен, сынып жетекшілерімен, тәрбиешілермен тьюторлық қолдау мақсаттары мен міндеттерін іске асыру туралы да сөз қозғалуы мүмкін. Бұл жағдайда тьюторлық құзыреттілік туралы мәселе туындайды.

Тьютордың құзыреттіліктері – жеке оқу бағдарламаларын қолдауға мүмкіндік беретін заманауи педагогтардың құзыреттіліктері. С.В. Попованың пікірінше, жоғары білім берудегі тьюторлардың құзыреттіліктері екі топқа бөлінеді: жалпы (әмбебап) және кәсіби (пәндік-мамандандырылған). Осындай жіктеме инклюзивті білім берудегі тьютор үшін де қарастырылған, бір жағынан білім беру үдерісінің әлеуметтік-мәдени негіздемесін сақтап тұруы керек, ал екінші жағынан – өз ісінің маманы болуы керек.

Базалық немесе әмбебап құзыреттіліктер педагогикалық білім берудің жалпы мазмұнына жатады және келесі сапалардың қалыптасуын қамтамасыз етуге тартылған, олар: төзімділік, эмпатия мүмкіндігі, икемділік, көмекке келуге дайын болу, күрделі және стандартты емес кәсіби жағдайлардағы жеке тиімділігі, жауапкершілік, жеке шешімдер қабылдауға мүмкіндігі, алынған білімдерін тәжірибеде қолдана алу біліктілігі, коммуникативтілік, ынталылығы, өмір бойы кәсіби жетілуге тіленісі мен қабілеттілігі.

Пәндік құзыреттіліктердің нақты сипаттамасы мен қалыптасу мүмкіндігі бар:

- білім берудің дәстүрлі формаларынан инклюзивті білімнің айырмашылығын түсіне алуы және білуі;

- баланың жас ерекшелік және тұлғалық дамуының психологиялық заңдылықтары мен ерекшеліктерін білуі;

- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және әлеуметтік айналасы бар баламен өзара байланысу және өзара әсер ету талдау дағдылары;

- арнайы педагогика мен арнайы психология саласындағы білім;

- коммуникативтік мүмкіндіктер: өз ойын түсінікті жеткізе алуы және басқаларын тыңдай алуы, қайшылықтарды шеше алуы, кіші топтарда өзара байланысты орнату, бірнеше тұлғалық қарым-қатынас технологиясын пайдалану;

- ұйымдастырушылық мүмкіндіктері: жоспарланған қызметті іске асыруға қатысу, жеке және ұжымдық қызметтің келешегін көру, жеке білім алушылар мен топтардың қызығушылықтарын көруі және қолдауы, қызметтің жақсы тәсілдерін табуы және істі соңына дейін жеткізуі;

- білім беру ортасының барлық нысандарының арасында педагогикалық өзара байланысудың түрлі әдістерін іске асыра алуы (оқушыларымен жекелей және топтарда, ата-аналармен, оқытушылармен, мамандармен, басшылықпен);

- аналитикалық мүмкіндіктері: құрылымдау біліктілігі, рефлексиялық әдістерді және психологиялық жұмыс жолдарын игеруі;

- болжамдық мүмкіндіктері: өсудің және білім алушының танымдық қызығушылықтарының дамуының мүмкін болатын нүктелерін анықтай алуы; оқыту жағдайларының нәтижелерін алдын ала көре алуы.

Жоғарыда аталған құзыреттіліктердің барлығын игерген тьютор инклюзивті білім беруде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаға арналған жалпы білім беретін мекемеде оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыра алады және қолдай алады.

### **5 Қорытынды**

Инклюзия енгізілген мектептерде жағымды нәтижелерге қол жеткізілді, оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі сызбалары әрекет етеді.

Оларға сәйкес тьютор үш әр түрлі ұйымдастырушылық міндеттер орындай алады.

1. Тьютор – дамуындағы ерекшеліктері бар баланың жеке қолдаушысы. Қазақстандық мектептерге инклюзияны енгізу бойынша мамандардың бағалауы бойынша, бүгінгі таңда инклюзивті сынып оқытушысы баланың дамуында бұзылысы бар саланың маманы болып табылмайтын, ал керісінше, тьютор сәйкес арнаулы білім бар болатын көрінісі шындыққа жанасады. Осындай жағдайда тьютор барлық сыныптың оқыту сапасын кемітпей, дамуының ерекшеліктері бар оқушының қажеттіліктеріне оқытушының ыңғайласуына көмек көрсетіп, қарасты бала үшін оқу үдерісін нақты және ыңғайлы етіп құрайтын маман функциясын өзіне алады.

2. Тьютор – оқытушының көмекшісі. Бұл жағдайда оқу жүктемесі оқытушымен қалыптастырылады, ал тьютор барлық оқытушылардан дәптерлерін жинап, сыныптың тәртібін оқытушының тапсырмаларын орындау уақытында сақтай отырып, ұйымдастырушылық сәттерде көмекшісі ретінде шығады.

3. Тьютор – сыныптағы екінші оқытушы. Өзіндік оқуға мүмкіндігі жоқ баланы мойындау құқықтарын бұзуға жатады, дамуындағы ерекшеліктері бар бала оқитын сыныпта барлық балаларға, дамуында ерекшеліктері бар балаға басымдырақ көлемде оқуға кезектеп көмек көрсететін екі оқытушы жұмыс істейді.

Тьютор баланың ынтасын қолдайды, бағдарламаны игеруіне көмек көрсетеді, оқыту мен әлеуметтенудің бірінші нәтижелеріне талдау жасайды. Қажеттілік туындап жатса, баланың оқу бағдарламасына түзетулер енгізіледі. Баяулап баланың жекелігінің деңгейіне арта бастайды және тьютордың көмегі азая бастайды.

Әр кезеңде тьютор барлық қатысушыларды түзетушілік-оқыту үдерістегі баланың оқуы мен әлеуметтенуінің табыстылығы туралы ақпараттандырады, қажеттілік туындап жатса, баланың кеңесшілерден кеңес алуын ұйымдастырады және білім алуда ерекше қажеттілігі бар баламен жұмыс жасайтын басқа да ұйымдардың мамандарымен өзара байланысты үйлестіреді.

Тьюторлық қолдаудың ұзақтылығы бейімделушілік бағдарламаның тиімділігіне, баланың табысты әлеуметтенуі мен табыстылығының деңгейіне байланысты анықталады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында білім беру мекемелеріне балаларды тьюторлық қолдаудың түрлі тәжірибесі жинақтала басталды. Сонымен қоса, отандық білім беруде жақында ғана инклюзивті білім беру жүйесінде тьютор қызметін реттеуге көмек беретін нормативтік құжаттардың жобалары туындай бастады, инклюзивті тәжірибеде тьюторлық қызмет тәжірибесін меңгеру мүмкін болды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Каргин С.Т., Алшынбекова Г.К., Боброва В.В., Даупбаева К.Т., Жарболова А.Г. Инклюзивті тәжірибе жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды тьюторлық қолдаудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері: Әдістемелік құрал. – Қарағанды: академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2018. – 78 б.

2 Дудчик С.В. Развитие познавательного интереса младших школьников средствами тьюторского сопровождения: Автореф... диссер. канд. пед. наук. – М., – 2008.

3 Ковалева Т.М. Основы тьюторского сопровождения в общем образовании: учебно-методическое пособие. – М., Педагогический университет «Первое сентября», 2011. – 56 с.

4 Карпенкова И.В. Тьютор в инклюзивной школе: сопровождение ребенка с особенностями развития. – М.: ЦППРиК «Тверской», 2010. – 88 с.



БЕГЕЖАНОВА, Р.К., ҚАНАЛЫ, М.К.

**Тьюторское сопровождение учащихся с особыми образовательными потребностями как педагогический феномен**

*Данная статья посвящена проблеме тьюторской поддержки учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивной практики. Успешное обучение учащихся с особыми образовательными потребностями и успешная реализация психолого-педагогической поддержки процесса обучения требуют тьютора в инклюзивной школе. Тьютор поддерживает учащихся с особыми образовательными потребностями в общем и индивидуальном образовательном процессе, участвует в разработке индивидуальных образовательных программ, является мостом между традиционным преподавателем и учеником с особыми образовательными потребностями. В статье рассматриваются несколько понятий тьютора, а также цели, содержание и особенности деятельности тьютора.*

**Ключевые слова:** учащиеся с особыми образовательными потребностями, инклюзивный опыт, тьютор, тьюторская поддержка, социальная среда.

BEGEZHANOVA, R.K., KANALY, M.K.

**TUTOR SUPPORT STUDENTS WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS AS A PEDAGOGICAL PHENOMENON**

*This article is devoted to the problem of tutor support for students with special educational needs in an inclusive practice. Successful training of students with special educational needs and successful implementation of psychological and pedagogical support of the learning process require a tutor in an inclusive school. Tutor supports students with special educational needs in the General and individual educational process, participates in the development of individual educational programs, is a bridge between a traditional teacher and a student with special educational needs. The article deals with several concepts of the tutor, goals, content and features of the tutor.*

**Key words:** students with special educational needs, inclusive experience, tutor, tutor support, social environment.

УДК 796

**Бельгибаева, Р.С.**

студентка 3 курса специальности  
«5B010800 – Физическая культура и спорт»

**Агеева, С.В.**

старший преподаватель  
кафедры теории и практики  
физической культуры, спорта и туризма,  
КГПУ, Костанай, Казахстан

**ОСОБЕННОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ ЛЕГКОАТЛЕТОВ  
СТАЙЕРОВ НА РАЗЛИЧНЫХ ЭТАПАХ ТРЕНИРОВОЧНОГО ЦИКЛА**

**Аннотация**

*Подготовка юных бегунов к соревнованиям – это сложный многокомпонентный процесс. Одной из составляющих успешной подготовки спортсмена является психологическая подготовка, как важное условие результативного выступления спортсмена. Психологическая подготовка – это процесс воздействия на личность спортсмена с целью достижения им наилучшего спортивного результата. Данная подготовка – неотъемлемая часть реализации потенциала спортсмена, и более ранняя и качественная ее организация приводит к повышению эффективности учебно-тренировочного и соревновательного процесса.*

*Ключевые слова: легкая атлетика, соревновательная деятельность, спортсмен, техника, тактика, физическая подготовка, психологическая подготовка.*

## 1 Введение

Психология спорта разрабатывает в научно-методическом плане психологические вопросы, связанные с воспитанием, обучением и тренировкой спортсменов, организацией учебно-тренировочного процесса в целом, и подготовкой к соревнованиям на всех этапах спортивного совершенствования.

Самый сложный вопрос психологии обучения, связан с учетом фактора осознания движений. Педагогические указания тренера в процессе обучения должны в первую очередь базироваться на знании того, каким должно быть соотношение сознательной и неосознаваемой форм регуляции движений, выполняемых на разных фазах обучения и тренировки. Современные представления об организации целенаправленного поведения (деятельности) свидетельствует о том, что сознательная регуляция всегда прерывиста, а неосознаваемая – непрерывна. Поэтому обе формы регуляции всегда присутствуют в управлении движениями [1].

Проблемы изучения психики спортсменов, управления ею, организации психологической подготовки чрезвычайно сложны и затрагивают все стороны тренировочного процесса – техническую, тактическую, физическую и теоретическую подготовку [2].

Если сравнительно недавно содержание психологической подготовки ограничивалось регуляцией предстартовых состояний спортсмена, настройкой перед выступлением, созданием психической готовности, то сейчас задачи психологической подготовки неизмеримо расширились, и связаны с развитием и формированием личности спортсмена, развитием способности к самоконтролю и саморегуляции, созданием благоприятного психологического климата, благоприятных взаимоотношений между тренером и спортсменами и т. д. Из всего многообразия упомянутых вопросов в практике легкоатлетов высокого класса, в каждом виде необходимо выделить наиболее существенные, значимые для успешного выступления и достижения рекордных результатов.

Эти задачи могут быть с успехом решены лишь комплексно, в системе мероприятий, получивших название психологического обеспечения подготовки спортсменов [3].

Исходя из всего вышесказанного, целью данной работы является изучение психологической подготовки спортсменов легкоатлетов.

Актуальность выбранной темы заключается в том, что подготовка легкоатлета – многогранный и сложный педагогический процесс, состоящий из трех взаимосвязанных компонентов: обучения, тренировки и воспитания, цель которого – обеспечить развитие и совершенствование знаний, умений, двигательных навыков и качеств, необходимых для овладения техникой легкоатлетических упражнений и достижения предусмотренных планом и программой результатов.

Объект исследования – система подготовки спортсменов высокой квалификации, специализирующихся в беге на длинные дистанции.

Предмет исследования – средства и методы силовой подготовки высококвалифицированных бегунов на длинные дистанции

Целью исследовательской работы является изучение психологической подготовки спортсменов легкоатлетов.

Задачи:

1. Раскрыть особенности психологической подготовки легкоатлетов стайеров на различных этапах тренировочного цикла;
2. Выявить и экспериментально доказать эффективность разработанной методики;
3. Проанализировать методику бега на длинные дистанции;

4. Планировать тренировочные занятия легкоатлетов стайеров на различных этапах тренировочного цикла;

5. Провести практический эксперимент, сделать выводы и оформить результаты.

## **2 Материалы и методы**

Психологическая готовность – динамическая система, ее компоненты связаны между собой и подвижны одновременно, это происходит в силу влияния внутренних и внешних факторов.

Далее, выделим критерии психологической готовности к соревновательной деятельности: мотивация к соревновательной деятельности, самооценка, тревожность, саморегуляция, помехоустойчивость.

Для спортсменов, специализирующихся в беге на средние дистанции, характерны активность, способность к перенесению высоких нагрузок, умение подчинять личные интересы общественным, отсутствие мнительности. Однако, они нередко недостаточно уверены в собственных силах, склонны к своеобразным поступкам и суждениям.

Одним из критериев психологической готовности является тревожность.

Б.Г. Мещеряков, В.П. Зинченко дают следующее определение тревожности – это индивидуальная психологическая особенность, проявляющаяся в склонности человека к частым и интенсивным переживаниям состояния тревоги, а также в низком пороге его возникновения. Выделяют личностную и ситуативную тревожность.

Е.П. Ильин представляет личностную тревожность как базовую черту личности, которая формируется и закрепляется в раннем детстве. Она возникает независимо от конкретной социальной обстановки на угрожающую его личности ситуацию или кажущуюся таковой, и проявляется в состоянии повышенного беспокойства. Личностная тревожность обычно не существует как отдельная черта: она оказывает отрицательное влияние на формирование и развитие других свойств и особенностей человека, таких как мотив избегания неудачи, стремления уходить от ответственности, боязнь высказывать собственное мнение. А под ситуационной тревожностью автор понимает внешнее проявление тревожного поведения индивида в конкретной ситуации, которое не связано с наличием у него тревожности.

Критерий тревожности привлекает внимание тренеров и спортивных психологов на протяжении нескольких десятилетий, это связано с возможностью регуляции уровня данного состояния, что позволяет контролировать предстартовое состояние спортсмена.

Современная система подготовки легкоатлета является сложным, многофакторным явлением, включающим цели, задачи, средства, методы, организационные формы, материально-технические условия и т.п., обеспечивающие организационно-педагогический процесс подготовки спортсмена к соревнованиям и достижение им наивысших спортивных показателей. Соревнования – это всегда стрессовые условия, которые требуют либо компетентного вмешательства специалиста, либо сформированных умений саморегуляции самого атлета. В нашем исследовании принимали участие испытуемые 14-15 лет. Представленный возраст является критическим с позиции и физиологии и психологии, что дополнительно подчеркивает потребность в данном виде подготовки в указанный период.

В ходе исследования было определено три уровня соревновательной тревожности: низкая, умеренная и высокая, которые соотносятся к предстартовым состояниям предстартовой апатии, боевой готовности и предстартовой лихорадки. Оценки состояния тревожности производились с помощью Модифицированной шкалы личностной соревновательной тревожности Р.Мартенса (Ю.Л. Ханин). Она предназначена для выявления индивидуальных различий в эмоциональном реагировании на предстоящее соревнование. Данная психологическая методика проводилась за день до соревнований.

В результате анализа литературных источников были выявлены основные черты методики подготовки легкоатлетов:

- 1) Применение аутогенной тренировки у спортсменов.
- 2) Спортивная дыхательная гимнастика.

В эксперименте приняли участие легкоатлеты, специализирующиеся в беге на средние дистанции. По результатам применения Модифицированной шкалы личностной соревновательной тревожности испытуемые были разделены на три группы: восемь человек (40% от группы) вошли в число спортсменов с высокой соревновательной тревожностью, одиннадцать человек (55% от группы) – с умеренной, один человек (5% от группы) – с низкой. Все участники эксперимента имеют юношеские разряды.

Для каждой группы применялся свой методический комплекс. Также учитывались индивидуальные особенности испытуемых, выявленные в ходе эксперимента. Испытуемым с высокой соревновательной тревожностью были предложены дыхательные упражнения и аутогенная тренировка, направленные на расслабление нервно-мышечного аппарата.

В группе с низкой соревновательной тревожностью применялись дыхательные упражнения, аутогенная тренировка, побуждающие к активизации нервно-психических процессов. Использовалась идеомоторная тренировка, направленная на активное сознание и представление самого соревнования.

Спортсменам с умеренными показателями соревновательной тревожности также были предложены методики для поддержания и сохранения диагностированного уровня.

Следующим этапом в организации исследования стали систематические занятия по овладению методами дыхательных упражнений, приемами аутогенной и идеомоторной тренировки. Данные методы и приёмы использовались и в тренировочном процессе для подготовки спортсменов к предстоящим нагрузкам. За день до соревнований после овладения методами саморегуляции, повторно исследована соревновательная тревожность.

### 3, 4 Результаты и обсуждение

По результатам повторного применения модифицированной шкалы личностной соревновательной тревожности, были получены следующие результаты: один человек (5% от группы) вошел в число спортсменов с высокой соревновательной тревожностью, семнадцать человек (85% от группы) – с умеренной, два человека (15% от группы) – с низкой.

Полученные в результате экспериментальной работы данные, были подвергнуты проверке с помощью метода математической статистики – Т-критерия Стьюдента. В данном исследовании применяется случай связанных между собой выборок.

В таблице представлены данные измерений по методике «Модифицированная шкала личностной соревновательной тревожности», и их обработка с помощью методов математической статистики.

Таблица 1 – Результаты обработки показателей по методике «Модифицированная шкала» личностной соревновательной тревожности.

$X_1$	$X_2$	$d_i$	$d_i - \bar{d}$	$(d_i - \bar{d})^2$
25	21	4	1,4	1,96
24	20	4	1,4	1,96
27	22	5	2,4	5,76
15	14	1	-1,6	2,56
26	24	2	-0,6	0,36
23	20	3	0,4	0,16
26	23	3	0,4	0,16
21	17	4	1,4	1,96
24	21	3	0,4	0,16
20	19	1	-1,6	2,56
18	16	2	-0,6	0,36
25	20	5	2,4	5,76
22	20	2	-0,6	0,36
21	17	4	1,4	1,96
24	23	1	-1,6	2,56

19	16	3	0,4	0,16
20	18	2	-0,6	0,36
22	21	1	-1,6	2,56
14	15	-1	-3,6	12,96
16	14	2	-0,6	0,36
		$\sum d_i = 51$		$\sum (d_i - d)^2 = 45$

$$\bar{d} = 2,6; \sigma_d = 1,5; m_d = 0,33; t_p = 7,9; t_r = 2,09$$

Как показано в таблице, значение t-расчетного (7,9) больше t-табличного (2,09), следовательно, можно сделать следующий вывод.

## 5 Выводы

Результаты применения методики Модифицированной шкалы личностной соревновательной тревожности существенно изменилось, что свидетельствует об эффективности экспериментальной методики, оказавшей влияние на успешность выступлений спортсмена. Из полученных результатов видно, что значительная часть испытуемых перешла в группу умеренной соревновательной тревожности. Видна динамика изменения результатов в целом. Также необходимо отметить, что все спортсмены, участвовавшие в эксперименте, улучшили свои личные соревновательные результаты.

В процессе организации исследования были успешно решены вопросы по изучению состояния тревожности как фактора, влияющего на готовность легкоатлетов стайеров, специализирующихся в беге на средние дистанции, к соревновательной деятельности.

В опытно-экспериментальной работе прослеживается корреляция между уровнем тревожности и предстартовыми состояниями спортсменов. Апробация предложенных методов психологической подготовки атлетов показала положительный результат. В ходе применения предложенной нами методики, два спортсмена повысили свою квалификацию с первого юношеского до третьего взрослого разряда, четверо сменили свои разряды со второго юношеского на первый юношеский разряд.

Тренер отметил значительное улучшение результатов еще у пяти испытуемых, которым не удалось повысить свой спортивный разряд.

## Список литературы

- 1 Богатырев Е. Легенды и были о «королеве». – М.: Физкультура и спорт, 1985.
- 2 Гойхман П., Трофимов О. Легкая атлетика в школе. – М.: Физкультура и спорт, 1972.
- 3 Готовцев П.И., Дубровский В.Л. Самоконтроль при занятиях физической культурой. – М.: Физкультура и спорт, 1991.
- 4 Егер К, Оельшлегель Г. Юным спортсменам о тренировке. – М.: Физкультура и спорт, 1975.
- 5 Лалаян А.А. Психологическая подготовка спортсмена к соревнованиям. – М.: ФиС, 1974. – С. 459-511.
- 6 Бабушкин Г.Д. Психология физического воспитания. – Омск: СибГАФК, 1998.
- 7 Киселев Ю.А. Победы: Размышление и советы психолога спорта. – М: Спортакадемия, 2002.
- 8 Психологическое обеспечение спортивной деятельности / Под ред. Г.Д. Бабушкина. Омск.: СибГУФК, 2006.

*Материал поступил в редакцию: 13.03.2019*

**АГЕЕВА, С.В., БЕЛГІБАЕВА, Р.С.**

## **ЖЕҢІ АТЛЕТІКА ЖАС ЖҮГІРУШІЛЕРДІ ӘР КЕЗЕҢДЕГІ ЖАРЫСТАРҒА ДАЙЫНДАУ ЦИКЛДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Жас жүгірушілерді жарыстарға дайындау – күрделі, көпкомпонентті процесс. Спортшыны табысты дайындаудың құрамдас бөліктерінің бірі – психологиялық дайындау, спортшының тиімді жұмыс істеуінің маңызды шарты. Психологиялық дайындық – спортшының жеке басын өзгерту, бұл жақсы спорттық нәтижеге қол жеткізу. Бұл тренинг спортшының әлеуетін іске асырудың*

ажырамас бөлігі болып табылады және оның бұрынғы және жоғары сапалы ұйымы жаттығулар мен бәсекелестік процесстің тиімділігін арттыруға алып келеді.

**Кілт сөздер:** жеңіл атлетика, бәсекеге қабілеттілік, спортшы, техника, тактика, дене шынықтыру, психологиялық тренинг.

**AGEEVA, S.V., BELGIBAEVA, R.S.**

**FEATURES OF PSYCHOLOGICAL TRAINING OF STAYERS ATHLETES AT DIFFERENT STAGES OF A TRAINING CYCLE**

*Preparing young runners for competitions is a complex, multicomponent process. One of the components of the successful preparation of an athlete is psychological preparation, an important condition for the effective performance of an athlete. Psychological preparation is the process of influencing the personality of an athlete in order to achieve the best athletic result. This training is an integral part of realizing the potential of an athlete, and its earlier and higher-quality organization leads to an increase in the effectiveness of the training and competitive process.*

**Key words:** athletics, competitive activity, athlete, technique, tactics, physical training, psychological training.

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

УДК 37.032

